



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 11/37
18 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

«НАУРЫЗ- КӨКТЕМ» КОНЦЕРТІ



Өз-Наурыз мейрамының қарсаңында қаламыздағы № 1 мектеп ұжымының өнерпаздарының ұйымдастыруымен «Наурыз-көктем» аталған концерттік бағдарламасы көрермендерге ұсынылды. «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының сахнасы әсем безендірілген, бір бұрышында бір кереге, көрпе, жастық, үй жиһаздары жасаулы. Екінші жақта өсіп тұрған ағаш көшірмесі көз тартады. Күй ойналып тұрған сахна көрінісі көктемнің хабаршысындай көз тартады. Экранда жайлаудағы қазақы ауыл, киіз үйлер, асулы қазан маңындағы ауыл тұрғындары. Ұлттық киімдегі шат-шадыман адамдардың көңілдері көтеріңкі. Бәрі-бәрі қазақы ауылдың тыныс-тіршілігін көз алдымызға әкеліп, той-томалақтың, қуаныш-шаттықтың, ауылдың ауызбіршілікті тірлігінің нышанын еске салады...

Қос немересін жетелеген ақ әже сахнаға шығып, көрерменмен амандасып, мейраммен құттықтап, Наурыз мерекесінің мән-мағынасын, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды көпке насихат ретінде ұсынды.

Жанындағы немерелерімен бірге Ағашқа су құйып жатқан Ұлбосын әженің: О, қасиетті Жер-Ана! Адамзат үшін саған басымды иемін. Жер-анаға,

табиғат байлығына енетін тау-тасынан, жан-жануарынан бастап адамдарына дейін қуаныш-нұрын сеуіп, әр жүрекке шат-күлкі сыйлап Нұр көктем келді. Ал, боталарым, Жер-Ананың өзі жанарып жатқанда, бізде талдарымызға су құйып, табиғаттың жаңаруына ат салысайық! Зарыға күткен. Жаңа жылым да келді-ау! Жаңа жылым жарылқа, ескі жылым, есірке, Ұрпағымды аман ет! Жамандық әрі кет, әрі кет!.. - деген әженің көңіл тебіренетер сөздері көрерменді де бейжай қалдырмай, шапалақ қошеметіне бөлендірді.



«Алдар көсе» әнімен ортаға шыққан Алдар көсе мен Тазша бала кіріп келгелі тұрған Наурыз мейрамымен, ұлан-аср тоймен

халықты құттықтады. Есіктен енетін Қоян жылын еске салып, ел-жұртты ұлттық асымыз, наурыз көжеге шақырды. Экранда көрсетілген көшпен бірге ұлттық киімде сәнденген мектеп өнерпаздары сыртқы есіктен еніп, әженің шашқан шашуының астында, «Наурыз думан» әнінің әуенімен сахнаға бет алды. сахна төріне орналасқан Амангелді қарияның үйінде бүгін үлкен той, қызық-думан өтіп жатқандығы бейнеленген.

Экранда қазан асылып, ел-жұрт көрісіп, бір-бірін құттықтап, мәре-сәре болып жатқан жұрт, жаюлы дастарқан аясында сахнаға көңілді дауыспен бір топ әйелдер мен бір-бірін қуалаған балалар келеді. Ортаға биші қыздар шығып, ұлттық «Салтанат» биін билейді. Үйдегі дастарқан басында үш ер адам – Амангелді, Естай, домбырасын шертіп Елдос, әже, Аңсат келін отырады, балалар әрі-бері асық атысып ойнап жүр. Көрініс бойынша Ұлыстың Ұлы күнінде Амангелді қарияның ұлы жаңа үйге отау боп бөлініп шыққан екен, осы дәстүрге сай олардың босағаларын майлап қайтауға жиналған әйелдер келеді. Немеренің: «Әже, босағасын майлау деген не? Ол не үшін керек? - деген сауалына Ұлбосын әже былай жауап береді: Босаға майлау – жастар жеке отбасы құрғанда немесе жаңа үйге кіргенде жақын-жуықтары келіп, үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босаға майлаған адамға кәде беріледі.

Көктемде бірінші шайқаған майды отбасындағылар ауыз тимей тұрып, есік жақтауын, табалдырықты, киіз үйдің ас-су сақаталатын жақ босағасындағы киізді майлау ырымы да бар... аталған көрініске екі жас қыз қатысып, «қызық дәстүр екен, біз де барып көрейік ендеше», - деп, біліп алуға тырысады. Одан әрі үйленбей жүрген қайыны мен жеңге арасындағы жарасымды әзіл-қалжыңнан құрылған қайым айтыс көрерменді риза етті.

«Алтыбақан» аясында әндер шырқалып, би биленді. «Қыздар-ай» әнін орындаған Елдосқа, «Қазақ дәстүрлері» әнін шырқаған Аңсат Бесенова, Айнұр Өтешова және Гузал Назароваға, көпшілік қошеметпен қол соқты. Жігіттердің «Алаш тобы» бишілерінің және «Салтанат» күйін орындаған мектеп домбырашыларының өнеріне көрермен жұрт тәнті болды.

Сахналық қойыламдар мен ән-биден құралған, ұлттық құндылықтарды, өнер мен мәдениетті, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде насихаттауға тырысқан концерттік бағдарлама осындағы көрерменнің көңілінен шықты. Қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейскеев № 1 мектеп ұжымына және осы әдемі ісшараны ұйымдастырған мектеп басшылығына ризашылығын білдіріп, өзге де ұжымдарға жұғысты болсын деген лебізін білдірді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ҰЛЫС ОҢ, АҚ МОЛ БОЛҒАЙ, АҒАЙЫН!



Көктемнің жарқын мерекесі Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы. Жыл өткен сайын Наурыз мейрамы елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде.

Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз ол барлық адамның бірігіп, тату болатын мейрам. Наурыз мейрамы әдетте 20-наурыздағы түн ауа еніп, кей жерлерде осы 21-і күні, өзге аймақтарда 22-наурыз күні аталып өтіледі. Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Халықтың баяғы түсінігі бойынша бұл түні даланы Қыдыр ата аралайлы. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып, төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас елді, адамдарды мерекелік дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау тіккен. Алтыбақан басында ән айтып күй тартады. Дәстүрлі ұлттық ойындар: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, тағы басқа ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. 22-наурыз күні күн мен түн теңеледі. Табиғатта жер ана да, жан-жануарлар да оянады. Ынтымағы жарасқан

көп ұлтты еліміздің осы бірлігін құдай ұзағынан сүйіндіргені әрбір жүрекке жылулық сыйлайды.

Наурыз мейрамы – көктем мейрамы және Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Парсыша «наурыз», «жаңа күн», яғни, бірінші айдың бірінші күні дегенді білдіреді. Және де бұл қазақ жыл санауы бойынша жылың басы. Тышқаннан басталып, доңызбен аяқаталатын 12 жыл – мүшел басталмақ. Бұл айды соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «наварсарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған. Қазақстанда кеңес заманында талай жылдар бойы діни мереке деп саналып, тыйым салынды. Соңғы рет 1926-жылы тойланған Наурыз мейрамы Қазақстанда алғаш Алматы



қаласында сол кездегі ҚКОК екінші хатшысы, ұлтжанды тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруы және бастамасымен

Наурыз мейрамы тойланғанда мен де сол мерекеге қатыстым. 1990-жылдардың басында қайтадан ресми түрде атала бастады. 2001-жылы Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілтікен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды.

2010-жылдан бері Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн бойы тойланып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 2010-жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды. Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады, апаларымыз қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға салады. Соғымға сойылған малдың басы немесе шекесі қосылып, қазы-қарта, жал-жая қазанға түседі. Ет сорпасына көже қайнатады. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс. Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық – аса киелі сандар. Сол себепті наурыз көже аса қасиетті тағам болып

болғандықтан, оны қазақтар «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жiбiп, жаны кiретiн тiршiлiк басы дегендi бiлдiредi. Сондай-ақ бұл күнi көңiлiнде кiрбiнi барлар татуласады, адамдар бiр-бiрiнiң үйiне кiрiп, құтты болсын айтады, бұлақ көзiн ашады, алдын ала үйiн, ауласын кiр-қоқыстан тазартады. Наурызды «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейдi. Осы күндерi дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есiмдер берiледi. Жер иесi – Қыдыр ата елдi, үйдi аралап, бақыт сыйлайды, бата бередi деген сенiм-наным және бар. Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бiр жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен». Ауыл ақсақалдары қалың елге арнап: «Пәле-жала жерге енсiн! Төрт түлiк ақты болсын! Өрiсiң малға, үйiң жанға толсын!» деп бата бередi.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Осы жақсы бастаманы жалғастырып, қаламыздың жас буын өкілдері көшеттер отырғызу дәстүрін бастаса, үлкен сауапты һәм керемет жаңалық болар еді деген ойымыз, үмітіміз бар. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Ал, қала әкімдігіне қарасты мекемелер, өзге де ұжымдар мен кәсіпорын, ұйымдар заманауи түрде мейрамды атап өтуге дайындық жұмыстарын жүргізді. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Қоржынтүбек елдімекенінің тұрғындары үшін «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!» - деген ақжарма тілегін өздеріңіздің сүйікті газеттеріңіздің ұжымы арнайды!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН ЖАҚЫН ҚАЛДЫ



Мінекей, қаһарлы қыс та аяқталып, адамзатты ғана емес, бүкіл жер-дүниені түлететін мереке мен берекеге толы көктемнің алғашқы айы да келіп қалды. Биылғы көктемнің бір ерекшелігі – мұсылмандар үшін бір парыз болған Рамазан айы Наурыз мерекесінің ізін ала басталмақ. Осы қасиетті айдың басталуынан бұрын адамзатқа ораза тұтудың пайдасы туралы Приозерск қалалық мешітінің имамы Дәуіт Қожахметұлымен әңгімелесіп, пікірін сұраған едік. Осы сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз:

Аллатағала адамдарға зиянды нәрсені әмір етпейді. Мұны медицина мамандары растауда: Ораза тұтқан адамдарда адреналин және кортизон гармондары қанға бұрынғыдан да оңай араласады. Бұл гармондар рак клеткаларына әсерін тигізеді. Осылай рак клет-

каларына қарсы қалқан болады, яғни рак клеткаларының көбеюінің алдын алады. Ораза тұтқанда дене құрылысы ретке келеді, ішкі мүшелердегі майлар еріп, дененің сергектігі артады, иммунитеті нығаяды, асқазан, бүйрек, қантты диабет, жүрек және бауыр ауруларына қарсы тұру қабілеті артады. Түрлі міндеттері бар бауырдың ас қорыту міндеті де бар. Ораза кезінде 3-5 сағат демалады, азық жинау жұмысын бір мезгіл тоқтады. Бұл арада қорғану жүйесін күшейтетін глобин белоктарын дайындайды. Асқазандағы бұлшық еттер және секрет бөлетін клеткалар, ораза кезінде бірнеше сағатқа демалады. Қанның көлемі де азайатыны үшін қан қысымы азайып жүрек тынығады. Әсіресе қан қысымы жоғары болған адамдар үшін ораза дәрі секілді пайдалы келеді.

Тамыр бітелуі (Атеросклероз). Азық қалдықтары жақсы қорытылмағанда тамырларды тоздырады. Қорытылмаған майлар тамырларды тарылтады, тамыр бітелуі деп аталатын ауруға себеп болады. Ораза тұтқанда кешке дейін денеден азық қалмайды. Яғни бүкіл азықтар қорытылып болады. Бұл тұрғыдан да әсіресе «тамыр бітелуі» бар адамдарға басқа айларда да ораза тұтуы кеңес беріледі. Ораза кезінде дененің басқа мүшелері де демалады. Аз тамақтану және ораза тұту деннің саулығы үшін өте маңызды. Зекет – мал мүлктің кірі. Зекет берген адам мал-мүлкін кірден қорғаға-

нындай, ораза тұтқан адам да денесінің зекетін өтеген болады, денесін аурулардан қорғаған болады.

Ораза тұтуда сабыр да бар. Хадис шәрифте «Ораза – сабырдың жартысына тең» деп бұйырылды. (Ибни Маже). Оразаның сауабы басқа ғибадаттарға қарағанда өте көп. Хадис құдсиде былай бұйырады: «Әрбір жақсылыққа 10 еседен 700 есеге дейін сауаб беріледі. Бірақ ораза маған тән ғибадат, оның сыйапатын мен беремін» (Бұхари). Барлық жақсылықтың сауабын Аллатағала бергенімен, оразаның сауабы үшін бөлек түрде «мен беремін» деп бұйыруының хикметі неде? Жер жүзінің бәрі Аллатағаланың мүлкі болғанымен, Қағбаға «Бәйтуллаһ» яғни «Аллаһтың үйі» деп атауы оған ерекше мәртебе бергені үшін. «Ораза маған тән» деуімен де оразаға ерекше мәртебе берген.

Ораза тұтқан адамға берілетін сауабты салыстырып өлшейтін өлшемі жоқ. Ораза тұтқан адамның жағдайына қарай көп сауап беріледі. Басқалар ораза тұтпағанда ораза ұстау өте сауапты. Хадис шәрифте бұйырады: «Ораза тұтқан адамның жанында ораза тұтпағандар тамақтанғанда періштелер аузы берік адамға дұға етеді.» (Тирмизи).

Сабыр етіп нәпіл ораза ұстай алмағандар, шүкір етуі керек, қонақтарға (жолаушыларға), кедейлерге ас беруі керек. Шүкір етушілер аз. Хадис шәрифте былай бұйырады: «Шүкір етіп ас

беру, сабыр етіп ораза тұтуға ұқсайды» (Тирмизи). Шүкір еткендерге көп сыйапат беріледі. Бірақ құндылықтар аз болғаны секілді шүкір етушілер де аз болады. Құран кәрімде былай бұйырады: Осы секілді аздардың қатарында болуға тырысу керек. Шүкір ету – исламға мойынсұну деген сөз. Имам Раббани хазреттері былай деген: «Рамазан айында нәпіл ғибадаттарға берілетін сауаб, басқа айларда жасалған парыздар секілді. Бұл айда жасалған бір парыз басқа айларда жасалған 70 парыз секілді. Бұл айға құрметсіздік етіп, бұл айда күнә істеген адамның бүкіл бір жылы күнә істеумен өтеді». Қасиетті жерлерде жасалған ғибадатқа басқа жердегіден де көп сауаб беріледі. Хадис шәрифте былай бұйырылды: «Меккеде бір рамазан оразасын тұту, басқа жерде тұтылған мың рамазан оразасынан да абзал болады.» (Бәззар). Жұма күні жасалған ғибадаттарға да қаншама еселенген сауаб жазылады. Жұма күні жасалған күнәлар да 2 еселеніп жазылады.

Қаламыздағы ораза ұстаушы адамдардың ниеті қабыл болсын деген тілекпен, қасиетті Рамазан айы және ораза ұстау тәртібі туралы көкейде жүрген сұрақтарыңыз болса, газетіміздің редакциясына жолдауға болады. Біз міндетті түрде жауап қатамыз!

*Газеттің арнаулы тілшісі
Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ*

«СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ»

Бүгінгі заман талабына сәйкес еліміздің сот жүйесі саласында электронды сот төрелігін дамуына үлкен мән берілуде. Бұған Жоғарғы Соттың цифрлық технологияны қарқынды енгізуі мүмкіндік берді.

Бұл ел азаматтары үшін тиімді әрі пайдалы бола түсуде. Біріншіден, қазір көпшілік үйлерінде. Сондықтан азаматтар қандай өтініш болсын, сотқа электронды түрде беруді жөн көреді.

Екіншіден, қағаз бастанылықтан арылуға жақсы себеп. Қаражат шығындамайды. Уақыт үнемдейді.

Үшіншіден, сотқа қатысты барлық шаруаны да электронды түрде бітіруге мүмкіндік мол.

Қазіргі уақытта соттар жұмысы 100 пайыз электронды форматқа көшірілген. Мұндай жұмыстың жаңа форматы дәл қазіргідей карантин уақытында өз тиімділігін көрсетуде.

Қазір көпшілікке «Сот кабинеті» сервисі кеңінен танымал. Мысалы, «Smart-сот» және «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдар-

ламалары аясында «Онлайн-тауласу», «Сот актілерінің заңдылығын тексеру» және «Сот істері мен материалдарының болуын тексеру» сервистері жұмыс істеп тұр. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын пайдалануға мүмкіндік беретін «Талдау» форумын, сотқа талап арыз, апелляциялық, кассациялық өтінішхат беру кезінде мемлекеттік баж салығын төлеуге арналған «Электронды үкіметтің төлем шлюзі», «Төрелік» сот органдарының ақпараттық-талдамалық жүйесін, «Сотқа шақырту қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «Хабарлама бойынша сот құжаттарын көру».

Қорыта айтқанда, жұртшылықтың сотқа деген сенімін арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

*Приозерск қалалық сотының
бас маманы
А.Б.Асаубаева*

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ - МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ»

Мемлекеттік қызметші іс-әрекетіне жауаптылықпен карап, жоғары орындаушылық, өзіне және әріптестеріне талап қоя білу, тәртіптілік және мүлтіксіз адамгершілік қасиеттеріне ие болуы тиіс.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға айрықша назар аударылып, көңіл бөлінуде.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында, мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз деп атап көрсетті.

Ал еліміздің сот жүйесіне келер болсақ, сот жүйесінің да-


муы, халықтың сотқа деген сенімінің артуы сот жүйесінде қызмет атқарып жатқан мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктіліктеріне, іс-тәжірибелеріне, патриоттық сезімнің, заңдылықты бұлжытпай сақтауға, тікелей байланысты.

Сонымен қатар, Приозерск қалалық сотында мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттарын сақтау бойынша семинарлық-жиналыстар өткізіліп тұрады.

Адам құндылығына қызмет ету қашанда мерейлі екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шеберлік пен біліктілігімізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашанда оңай емес. Қазіргі жаһандандудың өрелі биігіне қол созған кезде тәуелсіз елімізді өркендету жолында еселі еңбек ету басты мақсатымыз.

*Приозерск қалалық
сотының
жетекші маманы
Э.А.Жакупова*

«БІЗ – ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖЕҢЕ АЛАМЫЗ!»



Қарағанды облысы көлемінде туберкулездің алдын алу бойынша айлық өткізу туралы 2023-жылғы 17-ақпандағы № 28-ө бірлескен бұйрығы бойынша қала аумағында 24-ақпан мен 23-наурыз аралығында Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні өткізілуде.

Туберкулез – ол созылмалы инфекциялық сырқат, қоздырғышы туберкулез микобактериялары. Туберкулез қоздырғыштары қышқыл ортаға төзімді, ұзақ уақыт шыдайды. Туберкулез таяқшасын неміс ғалымы Роберт Кох 1882-жылы ашқан. Туберкулез микобактериялары жануар, құс, адам микобактериялары түрлері бар. Адам микобактериясы адамда туберкулез сырқатын қоздырушы. Микобактериялар жіңішке, тік немесе сәл иілген таяқшалар, ұзындығы 1-10 мкм, ені 0,2-0,6 мкм.

Туберкулез сырқатының түрлері көп: тыныс алу жүйесі туберкулезі, несеп шығару жүйесі туберкулезі, көз туберкулезі, перифериялық лимфа түйіндері туберкулезі, сүйек туберкулезі, буындар туберкулезі. Осылардың ішінде ең көп таралған түрі өкпе туберкулезі. Микобактериялар адам ағзасына жоғары тыныс алу жолдары арқылы, сирек жағдайда асқазан ішек, терінің бұзылуы арқылы ағзаға түседі.

Микобактериялар жұққан бетте туберкулез процесстерін тудырмайды. Адам ағзасының әлсіреуі, өмір сүру салтының бұзылуы сырқаттың пайда болуына әкеледі. Белгілері: дене температурасының кө-

терілуі, әлсіздік, тершендік, тахикардия, тәбеттің болмауы, жөтел, жұмысқа қабілеттің төмендеуі, кей кезде психикалық өзгеріс те болуы мүмкін.

Ауырған адамдар арнайы стационарлық көмек алады. Ауруды емдеу әлдеқайда ұзақ, 1 жылдан аса уақытқа созылады. Сондықтан ауруды асқындырғаннан көрі, алдын алу қажет.

2023-жылдың туберкулез сырқатына арналған ұраны: «Біз туберкулезді жеңе аламыз!»

Туберкулездің алдын алу жолдары:

- 1) Салауатты өмір сүру
- 2) дұрыс тамақтану
- 3) спортпен белсенді араласу
- 4) жеке гигиенаны сақтау
- 5) флюорографиялық тексеруден әр жыл сайын өту (мұны әр адам өзіне міндеттеу қажет!).

Туберкулез сырқатының ең тиімді тәсілі адам жаңа өмірге келгенде перзентханада БЦЖ екпесін алады. Ол екпеден алған иммунитет 5-7 жылға дейін, одан кейін иммунитет әлсіреуі мүмкін. Сондықтан әр жылда 1 сынып оқушыларына Манту реакциясы жасалып, теріс нәтижесі бар балаларға БЦЖ вакцинасымен қайтағу жұмыстары жүргізіледі.

Манту реакциясы ол вакцина емес, ол адам ағзасында микобактерияның бар жоғын анықтайтын тест.

Құрметті оқырман! Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын қорғау мақсатында уақытында флюорографиялық тексеруден өтуді, Манту реакциясын балаларыңызға жасатудан бас тартпай, уақытында екпе алуыңыз қажет екенін ескертеміз!

Приозерск қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«ГОСУДАРСТВЕННО-РЕЛИГИОЗНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»

Государственно-религиозные отношения приобрели в современном Казахстане особую актуальность. Значение государственно-религиозных отношений в пройденной истории и в наше огромное. Религия и государство - две сосуществующие с древности как неотъемлемые элементы в жизни людей. Каждое из этих явлений имеет свои особенности: религия - сфера духовности человека, связанная с реальностью, вечной, не имеющей пределов и непостижимой. Религия затрагивает специфическую сакральную сторону его многогранной духовной жизни. Религиозность людей обусловлена верой в спасение от неизбежного, необходимости праведной жизни. Именно религия утверждает главных духовных ценностей, прежде всего о милосердии друг другу. Она призывает людей к добру, к праведной жизни, угодной богу. Многие из того, что укрепляет общественную мораль, нравственность и соответственно общественный порядок, как показывает практика, зависят от уровня религиозности в обществе. Религия оказывает большую помощь государству в духовно-нравственном воспитании граждан высокой духовности. Государство является главным элементом политической системы. Это - политическое средство, которое в своей деятельности ориентировано на решение практических задач в жизни общества. Это - осуществление властных полномочий и суверенитета страны, организация общественной жизни, экономики и социальной жизни, сфер образования и культуры. Созидательная мощь государства проявляется в его функциях, оказывающих влияние на все жизненно-

важные сферы общественной жизни. Таким образом, объективный характер исторического развития определяет тесную взаимосвязь религии и государства, характер, содержания и эволюцию их взаимно обусловленных отношений. Эти отношения в науке называют «государственно-религиозными отношениями». Они представляют собой в совокупности исторически складывающихся и изменяющихся многомерных связей и отношений в жизни конкретных обществ. Государственные и религиозные отношения в единстве выполняют важнейшую интегрирующую роль в рамках общественной системы. Независимость стала началом трансформации общества, проведения глубоких социально-экономических, политических, духовных преобразований. С 1991 г. работало созданное впервые в стране Духовное управление мусульман. В результате сложилась благоприятная социально-политическая ситуация: она явилась основой восстановления традиционных ценностей и идеалов в области культуры и религии, охватившие постепенно широкие массы народа. Возрождение религиозного сознания народа явилось в социально-политическом и духовном плане консолидирующим его фактором. Общие усилия государства и религии выступают условием формирования взаимного доверия и сплочения казахстанского общества, обеспечения мирной, спокойной жизни страны, ее динамичного развития, политической, экономической стабильности и национальной безопасности.

Ермагамбетов А.Е.
Член ИРГ г. Приозерск

Наследственное дело

После смерти Маханбетова Танжарика, умершей 13 августа 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск Ахметов Р.Б.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №11/37, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.